

Жанат АЙМҰХАМБЕТОВА

ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ӨЛЕҢНІҢ  
КОНЦЕПТУАЛДЫҚ-МИФОПОЭТИКАЛЫҚ БЕЙНЕСІ

В статье рассматривается проблема художественного образа самого стиха в казахской поэзии. Концептуальный образ стиха в унисон анализируется с мифopoэтическим познанием. Сделан литературный анализ значения тезауруса характеризующее стихотворения.

*Yazar Kazak şirinin özelliklerini ve problemlerini kaleme almaktadır. Şiir incelikleri ve onun asırlardır devam eden güzellikleri, gelenekselliği ile devamlılığı örneklerle karşılaştırarak, aynızeitig olarak analize ediliyor. Makalede bugüne kadar pek araştırılmış olmayan konular da açıklığa kavuşturmuştur.*

Өлең туралы аңыз әңгімелерде, мифтерде оны құс түрінде бейнелеу көп ұшырасады. Қалыштасқан таным-түсініктерде адам қеудесіндегі «аманат жаң» метафорасы да құс (кейде шыбын жаң) болып кейіштеледі. Өлең мен қауырсын қалам туыстығының мифтік негізі осында жатса керек. Халықтық ұғымда өлең ақынға қонады. Яғни ұшу мен қону құсқа тән әрекет болса, өлеңге де осы қалыш телінген. XIX ғасырда ғұмыр кешкен Кемірбай Бөгөнбайұлының Әсетшеп қоштасу жырында осы ұғым айғактала түсіп, нақты сипатқа ауысқан:

Әсетжан, осы аурудан өлем білем,  
Алланың аманатын берем білем.  
Кеудемнен **қекала үйрек** «қоп» деп ұпты,  
Сол шіркін кәрі жолдас өлең білем.

Басымда отырды өксіш, қимай, тоқташ,  
Кете алмай бөтен жаққа айналсоқташ.  
«Серігім, қоп, аман бол, Кемірбай! – деп,  
Жылады бұрынғы өткен құнді жоқташ.

Әсетжан, осы ауру қоймас білем,  
Алланың әмірі екі болмас білем.  
Қамығып, «қоп» деп жылаш ұшып кетті,  
Осы өлең Серкебайға қонбас білем [1. 339].

Өлеңнің қонуы туралы ұғым болғанымен, оның дәл көкала үйрек болып көріні басқа әдеби мұралардан кездеспейді. Тіпті айтылса да бізге жетпеген. Неге Кемірбай ақынның өлеңі «кеқала үйрек» болыш ұшады? Бұл сауалға жауап іздегендеге көне мифтік танымдарға назар салу әбден керек болады.

Жалпы, аққу, қаз сияқты киелі құстар санатында үйрек көп айтылмайды. Бізге белгілісі – ертегілердің бірінің қаһарманы ерекше жаратылған Қараүйрек батырдың есімі осы бір онша еленбейтін құспен байланысты. Десек те мифтік әңгімелердің кейбірінде қазбен қатар айтылып

қалатын үйректің осынша құрмет, киені иеленуі тек Кемпірбайдан ғана бастау алмаса керек. Қыз ұзатарда айтылатын тойбастар жырының бірінде:

Колға алған қара сабаң құтты болсын,

Ішінде **қоңыр үйрек** шырылдасын... –

деген жолдар кездессе, мифтік әңгімелерде байдың тоқалы *аққу* болыш үшқанда, бәйбішесі қара сабаны пісіш-шісіш жібереді, сонда одан **қоңыр үйрек** шыр-шыр етіп ұша жөнеледі. Сабамен байланысты айтылатын қоңыр үйректің мифтік бейнесі бағзы замандарда бұл құстардың да ерекше киелілік сипаты болғанын аңдатса керек. Өлең бейнесін беретін үйректің көкала болуының астарына үнілсек, бұл тұс мифтануты С. Қоңырбайдың болжамынта «мифтік бейнеге, оның культине қатысты ғұрыштардың өткізілген кие-корықтары болған жерлерге байланысты болуы мүмкін» [2. 214]. Зергтеуші сондай-ақ «Қырымның қырық батыры» циклындағы «Орақ – Мамай» жырында кездесетін **«кек алғаның көзімін»** тіркесінің мағынасы «асыл текті, мықты» деп түсіндірілгенін тілге тиек етеді. Көк ала түсінің мифтік негізі аспан әлемімен байланысты. Яғни Кемпірбайдың көк ала үйрегі тылсым сипатты, ерекше болмысты «аспан құсы». Бұл жерде құстардың жоғарғы әлемге қатыстылығын, құстардың тәңір ешісі, яғни періштелік табиғаты туралы сенім бар екенін, құстардың рухтың келбеттенуі, бейнеленуі екенін есте ұстаған жөн.

Өлең рухани дүниеге қатысты болғандықтан оның концептуалдық бейнесін таныту әуелі танымдық, кейіннен поэтикалық шілінде жүзеге асты. «Концепт» сөзін алғаш гуманитарлық ғылымдар саласында орыс ойшылы С.А.Аскольдов қолданған болатын. Ол танымдық және көркемдік концепт деп жіктегенімен, арасында соңшалық шек болмайтынын, екеуінің кей кездерде астасып кетегендін аташ көрсетеді. Сондай ақ, көркем концептінің айқындалмаған мүмкіндіктерді танытатынына, алмастырушылық, яки «орынбасарлық» қызметіне, дәл осы қызметінің символдық мәнінен ерекше тоқталады [3. 85].

Концептінің лингвистикалық мәніне тоқталар болсақ, «Адамның әлем туралы жинақтаған мәдени түсініктері» [4], «Біздің тиісті нысан туралы білетіндеріміздің барлық жиынтығы» [5], «Құдайлық ілімді танудың, соны ұғыну арқылы халықтың рухын, ұлттың мәдени менталдығын танудың кілті» [6] деген анықтамалар көңілге қонымды, әрі тек лингвистикалық аяда ғана емес, әдебиеттану үшін де, яғни филология кеңістігінде де маңызы.

Концепт сөзінің мазмұнын символ, бейне, ұғымдардың тұтас бірлігі деп пайымдасақ, концепт арқылы сөздің кейінгі ұғымдар мен мағыналарға негізгі тірек болған алғашқы түсінігі беріледі. Жыраулар тіліндегі дүниенің концептуалдық бейнесін зерттеген тілші Б.Нұрдәuletова концепт тұрасындағы зерделеулерді қорыта келе, мынадай анықтама ұсынады: «концепт – индивидтің, тілдік ұжымның дүние, жаратылыс, оның түрлішіне заттары мен құбылыстары туралы өмір тәжірибесі, білімдік аясы (көзқарасы, танымы) негізінде, өзі өмір сүретін әлеуметтік органдың

## Аймұхамбетова Ж. Қазақ поэзиясындағы өлеңнің ...

мәдениетіне қабылдан, қалыштастырған танымдық, білімдік жүйесі» [7. 98].

Жеке сөздер арқылы таныла қоймайтын концептінің белгілі бір танымды айқындастырылған тірек сөздер, үлкенді кішілі мәтіндер көлемінде ғана танылатынын есте ұстасақ, өлең, ақындық концептісін айқындауда поэзиялық туындыларға жүгінгеніміз жөн. «Өлең» белгілі дәрежеде теориялық анықтамасы бар, жаңрлық, шілшиндік түрғыдан өзіндік ерекшелігі сарапанған сөз өнерінің саласы. Екінші бір қырынан келгенде, адам бойына біткен ерекше қасиет – ақындықпен тұтасқан рухани құбылыс. Біз сөз етіп отырған мәтінде өлеңнің осы сипаты тілге тиек болған. Кемпіrbай ақын танымындағы өлең көкала үйрек бейнесін иелене отырып, киеллік, тылсымдық сипатымен ерекшеленеді. Ел аузындағы аңыз сипатты әңгімелерге сүйенсек, Жамбылға өлең жолбарыс болып келген. Қазақ ақындарының шығармашылық жолы туралы сөз болғанда, өлеңнің түсінде аян беріп, киелі аруақ болып қонғандығы тұрақты түрде қайталанатындығын байқаймыз. А. Веселовский еңбегінде көне дәуірде өлеңнің магиялық құштермен байланысты болғандығы айтылады. Фалымның пайымдауынша, адамзат санасының сәбілік дәуірінде өлең қалың қауымның сикырылы құштерді шақыратын құралы болған, олар өлеңнің сикырына сенген [8. 76-80]. Көне дәуірлерден бастау алыш, ұлттық санада тұрақты түрде қалыштасқан ақынның, өлеңнің тылсым қасиеті мен киеллігіне, кез келген адамға беріле бермейтін тылсым құдіретпен байланыстырынына ерекше назар аударылады.

Тылсым сырлы, киелі сипатқа ие өлең тек көкала үйрек, жолбарыс түрінде ғана келбеттенбейді. Негізгі тегі сөз болғандықтан көп жағдайда «сөз» болып та айтылады. Өлеңді сипаттайтын тезаурус ретінде *жыр, сөз маржаны, тұманың тұнық суы, кек ала үйрек, өлең-күлік, торғай-өлең, таңдайдағы өлеңнің ұясы, акқу жыр, кәрі жолдас, күміспен апталып, алтынмен қапталған сөз, сөз патшасы, сөз сарасы, бауыры бұлақ бір кез мая, саулап келген топ киік, тұштар жыр тіркестерін тізбелеге болады*. Қалыштасқан ұғымда өлеңнің метафоралары саналатын бұл бейнелеулердің көшшілігі мифтік таныммен тығыз байланысты.

Қазақ ақын-жырауларының шығармаларынан біз ақындықтың жылқылық һәм құстық табигатына көп мысалдар табамыз. Сондай ақ өлең бейнесінде жаратылыстың негіздерінің бірі – судың да алар өзіндік орны бар. Өлең шілшиндердегі құстар дерлік су әлемімен байланысты. Кек ала үйрек соның дәлелі. Біржан мен Сара айттысында Сара ақын өзін сұқсыр үйрекпен бейнелейді:

Қамысты, терещ көлдің *сұқсырымын*,

Қаңғырган ілдірмеймін қаршығаға [9. 213].

XIX ғасырда өмір сүрген Дулат Бабатайұлы:

Жырымды мениң сұрасаң

*Тұманың тұнық суынан* [1.130], –

деп, өлең табиғатын тұмандың тұнық суымен байланыстырады. Ұлы Абай да:

Сылдыраш өңкей келісім

*Тас бұлақтың суындай,*

Кірлеген жүрек өзі үшін

Тұра алмас әсте жуынбай [10. 6], –

деген бейнелеумен рухани көусар бұлақтай жырмен жүрек тазаланатынын тілге тиек етеді.

Өлеңді қанатты құс бейнесінде пайымдаған таным өрісі тіптен кең. Өлең ұғымымен қатар ұшу, қанат сөздері бірге айтылатынын осы бағытта қабылдаған жөн. «Шабыт құсы», «қоңіл құсы» метафоралы тіркесінің де негізі осыған барыш тіреледі. XIX ғасырдағы белгілі айтыс ақыны Үлбікенің *«Тандайымда өлеңнің ұясы бар»* деуінің астарында «өлең-құс» танымы жатыр. XX ғасырдың көрнекті ақыны Мұқағали Мақатаев Төлеген Айбергеновтың қазасына арнаған өлеңінде:

Тұңғыш көрдім елгениң шын ақынның,

Қызырыш багты ертеңгі шығатын күн.

*Торғай-өлеңшырылдаш бара жатты*

Аузында ажал дейтін сұрапылдың.

*Торғай-өлең* өлмеді, аман қалды,

Әкетті ажал... жырды емес адамды алды [11. 282], –

деп, өлеңнің құс сипатты болмысын бейнелесе, «Ей, өлең» атты жырында осы аяда ой толғайды:

Бейштегі ұянды қоя тұрғын,

*Тіршілікке керексің, арда құсым!* [12. 28]

Өлең мәңгілік болмысты. Бұл таным Кемпіrbайдың «кеудемнен көк ала үйрек қош деп ұшты», Мұқағалидың «Торғай өлең өлмеді, аман қалды» деп жырлауларынан көрінеді. Ақын фәниден бақиға аттанарда өлең кеудені тастаң, кеңістікке шығады. Бұл да рухтың мәңгіліктігіне ишара.

Сонымен, өлеңнің концептуалдық бірегей бейнесі болыш танылған *көк ала үйрек* мифопоэтикалық болмысымен ерекшеленіш, ерекше түрпітті көркем бейне болыш қалыптасты. Осы желіден поэтикалық ой өрбіткен Н. Айтұлының «Кек ала үйрек» атты поэмасында өлең, рух, ұлттық рухани әлем кеңінен жырланады.

Поэманды:

Астана, Алматыға алаңдамай,

Ат басың, бұрдым, Семей, саған қарай.

Қайдасың *Көк ала үйрек – сөз киесі*,

Өзінді бұл жалғаннан табам қалай?

Кім білсің, көктесің бе, жердесің бе,

Сөүлең жүр ақындардың зердесінде.

Бұлбұлдай ұзақ таңға сайраушы едің,

## Аймұхамбетова Ж. Қазақ поэзиясындағы өлеңнің ...

Бір кезде Кемшірбайдың қеудесінде [13. 91], – деген жолдармен басталатын кіріспесінде сөз киесі деп таныған Көк ала үйректі шарқ ұрыш іздеген лирикалық кейіпкер халі көрсетілген (поэмада Көк ала үйрек бас әрішен берілгендіктен біз де солай алыш отырмыз). Миғтік танымда көк – нұрдың бір тұлғасы, символдық сипаты жағынан нұрдың бейнеленуі десек, ақын көк ала үйректің «сөүлесі» (нұрдың синонимі, немесе сол нұрды сипаттайтын тезаурус) ақындардың зердесінде екендігін көркем тілде өрнектейді. Және бұл киелі құсты «бұлбұлдай сайратады».

Елестің адам қалай түсін білсін,  
Сусылдаш, сағым болып ұпым жүрсін.  
Озіме өзім жұмбақ көрінгенде  
Кім сенің тағдырыңды түсіндірсін?

Сен ашсаң, құшияңды мен де ашайын,  
Сезімнің тұнығынан пәл басайын.  
Ақкудай бауыр тәсеп жүзем десең,  
Өлеңнен айдын шалқар көл жасайын [13. 91], –

деген жолдардан бұл құстың тылсым сырлы киелі сипаты барынша көрінеді. «Сағым болып сусылдаш ұш», «ақкудай бауыр тәсеп жүзу» бейнелеулері көк ала үйректің поэтикалық ерекше болмысын көз алдымызға өкеледі. Бұлбұлдай әнші, ақкудай көркем құстың сипатын көк ала үйрекке тели отырыш, ақын өлеңнің күрделі поэтикалық бейнесін түзеді. Жоғарыда айтылып кеткен су әлемімен байланыс өлеңнен көк ала үйректі ақкудай жүздіретін айдын шалқар көл жасау бейнелеуінен көрінеді. Миғтік танымнан бастау алыш, көркемдік санада орныққан су құстарын рухани болмыспен тығыз байланыстыру дәстүрі Н. Айтұлының сюжетсіз лирикалық-психологиялық поэмасының бір тініне айналған. Рухани болмыстың аспандық және жерлік сипаты осылай нақтылана түседі. Жерге қонбай шарқ ұрған бұл құс үш әлемге (көк, жер, су) оргақ. Түркілік мифтерде жорыққа су толтырылған күміс хауыздагы үйректер мен қаздарды алыш жүретін қағандар туралы сюжеттер кездеседі. Қаған солардың сұңгуіне, жүзүіне қараш алдағы тағдырын, немесе соғыстың жағдайын болжайды [14. 236]. Су толтырылған хауызды галамның микропоэтикалық бейнеленуі түрінде қабылдасақ, үйрек-қаздың жүзіш жүруінің символдық мәні үйлесімді де бейбіт қалышты аңғартады. Н. Айтұлы поэмасында көк ала үйрек лирикалық қаһарман түйсігіндегі аспан кеңістігінде, белгісіз бір ғайынта. Яғни жаратылыс үйлесімділігі бұзылған. Ақын пайымындағы «әлемнің алты бірдей құрлығында жалғыз жаратылған» көк ала үйрек өзіне тиесілі үш әлеммен (аспан әлемі, жер әлемі және су әлемі) бірлікте емес, бәрімен бірдей жарасым ташаған. Сол жарасымдылықты жаңғыргу үшін де ақын өлеңнен көл жасаң, қондырығысы келеді.

Поэманың бірінші бөлімі ақынның көк ала үйрекпен, дәлірек айтсак, өлең рухымен сырласуы тәріздес.

Аспанға шығып кетсөн, түспі бері,  
Жанымның жарқылдастын күш-жігери.  
Деуші еді алмажайыш тылсым сырын  
Адамнан бұрыш, сірә, құс біледі [13. 92].

Құстың ғарышпен тылсым байланысы мифтік таныммен осылайша берілсе, бұдан әрі көк ала үйрек туралы поэтикалық толғаныс:  
Сен бірақ құс емессің шыңдығында,  
Түйінсің шепшілмейтін бұл ғұмырда...

...Мүмкін, сен дөл қасымда құрсінесін,  
Үкілі домбыраның кейшіне еніп [13. 92], –

түрінде өрбіш, жұмбақ сырьы, киелі болмысы құрделене түседі. Өлеңді кие тұтқан халықтық таным осылай бір бой көрсетіп өтіп, ары қарай ақын :

Жайыңды, асыл құсым, мен түсінем,  
Шықпайсың сағынғаның сен түсінен.  
Маган да анда-санда аян беріп,  
Алланың құр қалдырма еншісінен.

...Бар еді менің де бір **бозторғайым**,  
Кезіксең қанааттыға қақтырматы [13. 92] –

деп, көк ала үйрекке арзу айтады. Өлеңнің концептуалдық бейнесінің аясына ақын «**бозторғай**» тезаурусын енгізгенін айта кеткен жөн.

Поэмада жыл мезгілі де мифопоэтикалық аңғарыммен назарға алынған. Құстың көлге қоның, судан суға шүйгуіне жайлы мезгіл жаз болса, осы мезгілге тән табиғат құбылыстарының езі («Жаз келсе гүл көйлегін дала кимек, Құбылтыш кемшірқосақ садақ имек») екінші, астарлы мағынамен жырланыш, көк ала үйректің рухани өлемін бейнелеген. Рухтың жаратылыспен жарасымын, болмыспен үйлесімін қалаған лирикалық қаһарман толғанысы:

Шүйіпі көлден көлге, судан суға,  
Көзіме бір көрініп, **Көк ала үйрек** [13. 92], –

деген тілекпен түйінделеді.

Көк ала үйректің шарқ ұрыш, жерге қона алмау себебін ақын поэмалың екінші бөлімінде түсіндіреді. «Семейден тошырағым болар білем» деп арыздасқан Кемшіrbай сөзі қалың қазаққа мәлім. Сол Семейден тошырақ бүйірған Кемшіrbайдың моласы қасапхананың астында қалған. Кеңес өкіметі салтанат құрыш тұрган бір жылдары молалар тапталыш, қасапхана салынған. Бұл қасіретті ақын:

Аруақтың көрден шығып қаңқа басы,  
Бақидың бастальшты жанталасы.  
Жалғасып келе жатыр содан бері  
Өлі мен тірілердің жанталасы.

## Аймұхамбетова Ж. Қазақ поэзиясындағы өлеңнің ...

Тажалдың күні шықса шалқыш алдан,  
Жұқ болмас жұмырына жарты жалған.  
Беттері тірілердің бұлк етпепті,  
Тұрағын өлілердің тартып алған [13. 94], –

деп жырлайды. Жаратушыны мойындармайтын атеистік сана үстемдік еткен қоғам рухани дүние игіліктерін мүлде керек етпейді. Моланы таптау, өлілерге маза бермеу – өткенді жоюдың, ата-бабадан мұра болыш қалған рухани байлықты құртуғында бір көрінісі. Ақын бұл әрекетті фәни мен бақидың, тірі мен өлінің тартысы түрінде мифопоэтикалық аяда алыш бейнелейді. Бақидың мәңгілік тұрғындары аруақтар қауымы болса, фәни тұрғындарының пішілі оларды мазасыздандырады:

Аруақтар аласұрып тыншымайды,  
Обалын шіркіндердің кім сұрайды?  
Моласын мұндасының қайта таштай,  
Жалғыз-ақ Көк ала үйрек шырқырайды [13. 94].

Көк ала үйрек болмысты өлең, яғни ақындық рух өзінің қажетін, тегі мен негізін іздел аласұрады.

Бір кездері қан сасыған, қасіреттің қазанын қайнатқан қасапхана қаңырап қалған. Ақын поэмалың үшінші бөлімін қасапхананың бүтінгі осы халін тілге тиек етіп бастайды. Кемпіrbайдың моласын шыр айналған көк ала үйрек бір кездері қан сасыған бұл маңайдан шошып, ұшып кеткен. Үрей шашқан қасапханаға қарап тұрыш, лирикалық қаһарман арыстарды қойдай тізіп айдаған, ажал құштығран замана зобалаңына да налиды. Сүйектің сұраусыз кетуі – ұлттық салт, ғұрыштағы ұлken қасірет. Поэтикалық толғаныс аясындағы көк ала үйрек, жер астында шуылдаған аруақтар, бұлардың ортасында солармен тілдесіп тұрған лирикалық қаһарман поэмалың мифтік сарынын қүшітте тұскен. «Естілер аруақ үні тыңдағанға», «Гайыштан қасіретті үн келеді» деген жолдар осыған дәлел. Тылсым әлемге қарай тартылған лирикалық кейішкерге бұл дауыс Кемпіrbайдың тілімен үн қатқан қапалы көк ала үйрек болыш сезіледі. Аруақты құрмет тұтыш, қастерлеген қазақы сенім мен ғұрыш ақын ойының өзегіне алынған:

Алдайды жалған дүние бүгін жолдас,  
Аруағын зарлатқан ел тубінде оңбас.  
Ей, қазақ, бүйтіе берсең, аз ұрпағың  
Торғайдай тозыш бітер, түгің қалмас.

Көтеріп қорлығын да, мазағын да,  
Қиналдық қасіреттің азабында.  
Аруақтар аза тұтыш жатқаннан соң  
Болмайды еңді ешқашан маза мұнда! [13. 96]

...Мазарын мазақ етсе, мыңқ етпейтін,  
Намысы сөнген халық – өлген халық [13. 99].

Аруақ үні болыш жеткен бұл сөздерге лирикалық қаһарман мұң шаға жауап қатады. Аруақ пен лирикалық қаһарманның диалогы поэмының көркемдік мұратының, эстетикалық әсерін арттырган. Тылсымнан, ғайыштан естілген аруақ үні қайта ғайыш болғанда аспан жақтан қанатын жайыш келген Кек ала үйректің болмысы мұлде ерекшеле:

Дауысы Кемшіrbайдың болды ғайыш,  
Орнымда қала бердім мен мұңайыш.  
Сол кезде аспан жақтан *Кек ала үйрек*  
Қанатын көбелектей келді жайыш.

Төбемде айналады шыркөбелек,  
Білмеймің, бұл ғажашқа кім не демек?  
Үйректің кейінде деп ойлаушы едім,  
Құс емес, ұсқыны да мұлде бөлек [13. 99].

Мистикалық қалыштағы өлең бейнесі ақын суреттеуінде осылайша көрінген. Жоғарыда айтты өткен нұр, сөүле желісі де ақын санасынан тыс қалмаған:

Торғындай қанаттары дірілдейді,  
Сусылдағ ұшқаны да білінбейді.  
Тегіліп сүйкімді бір нәзік сөүле  
Толқытыш жүргімді құлімдейді [13. 99].

Дәстүрлі таныммен сабактасқан бейнелеу – нәзік сөуленің төгілуі – нұрдан жаратылған рух мәңгіліктігінің бір сәттік нышаны. Кек ала үйректің көрінуі мен сөуленің төгілуін сәтті үйлестірген ақын мифтік кеңістікке барынша терендейді. Кемшіrbайдың қеудесінде сайраған еркін күнін армандаған Кекала үйрек жерге қонбайды.

Поэмының төртінші бөлімінде Кек ала үйрек туралы трагедиялық һем лирикалық толғаныста өзекті тарихи әрі рухани мәселелер қозғалған. Кемшіrbайдың кіндік қаны тамған Дегелең мен Мыржықтағы атажұрты зұлматтың ошағында күлге айналғаны, ұлттық рухтың піерлі қалпы Кек ала үйрек айналасына жинақталған.

Сиқырлы Кек ала үйрек құлағына,  
Шалынбай аруақ үні тұрады ма?  
Келеді қайдан болсын салыш ұрыш,  
Баяғы бауыр басқан турағына [13. 100].

Кемшіrbайдың мolasына келгенімен, таба алмай шыр айналған Кекала үйрек заман желінің екшінімен қаңғыш жүргендей.

Конбаса Кек ала үйрек қайта жерге,  
Қалады не қасиет байтақ елде? –  
деген аруақ үні – Кемшіrbай мұңын ақын поэма финалында дамытқан:  
Халықтық қасиеттен жүрдай болсаң,  
Қайрылып Кек ала үйрек қонсын қалай? [13. 100]

## Аймұхамбетова Ж. Қазақ поэзиясындағы өлеңдер ...

«Қым-қуыт, түпсіз терең кең әлемді шарлай ұшқан» Көкала үйрек тек өлеңдеріндеған емес, ұлттық рухтың тұлғасына айналып, барынша дараланады. Кемпіrbайдай ақынның қеудесіне қонған өлең бойына күлгі қасиет пен кие сіңірлген. Қеудесінде зор қайғы бар шерлі құс жауыздық атаулыны қарғац, ажалсыз болған соң көк аспанды мәңгі шарламақ. Ақынның айтпағы, поэтикалық емеуріні рухты қастерлеуге, өткенді құрмет тұтың, оған тағзым етуге саяды. Кемпіrbай толғаш айтқан Алланың аманаты қеудедегі шыбын жанған емес, жаратушы сыйлаған ақындық, рух әлемінде бір жаратылысы өлең, яғни, Көк ала үйрек. Ол тұбі қонар айдынын іздең, тағы бір мекені – көк төсінде мәңгі қалықтай бермек. Соңдықтан да ақын поэмасын:

Бар оның қанатында ғаламат күш,  
Дамылсыз жер мен көкті аралатқыш.  
Адамнан қайыр күтіп қашаланбас  
Алланың бір өзіне аманат құс! [13. 101] –

деп түйіндейді.

«Көк ала үйрек» поэмасында Кемпіrbайдың қоптасу өлеңіндегі бір деталь тұтастай тақырышка, рухани болмыс тұлғасына айналып, мифопоэтикалық тәсілмен барынша күрделенген. Лирикалық қаһарман «Ат басын бүрдым, Семей, саған қарай» деген жолдан бастап-ақ мифтік кеңістікке қарай қадам басқан. Сол кеңістікте Кемпіrbай аруағымен, Көк ала үйрекпен жолығыш, олардың мұндарына өз мұзын қосқан. Ұлттың қасіреті мен қайғысын толғаш, иесі мен киесіне сұрау салған. Осы *Көк ала үйрек – өлең* мифопоэтикалық жұбы қазақ поэзиясында дәстүрлі көркемдік желісіне айнала бастағанына бір мысал – жас ақын Т. Қамзиннің «Көкала үйрек – көк құсы» өлеңі [16. 14]. Бұл өлеңде «қауырсындының тектісі» болған құс «ылай да ылай айдыннан» жылай жүріп кеткісі келеді.

Көкала үйрек – көк құсы,  
Қауырсындының тектісі.  
Ылай да ылай айдыннан  
Жылай да кеп жүр кеткісі.

Көзөтпес жакқа сөз етпес,  
Сұрмергендері мезі етпес,  
Кеткісі кеп жүр,  
құсым-ау,  
Көкіргіммен өзектес.

Өлең болмысы Кемпіrbай дәстүріндегідей Көкала үйрекке телінің, ақынның лирикалық қаһарманы онымен сырласады. «Көк ала үйрек» пен «көкірек» сөздерінде түбірлері бірдей екендігін С.Қондыбай өз еңбегінде атап етеді және оның мифтік негізі туыстық белгімен (көкүл – көкүр) байланысты деп көрсетеді [2. 195]. Жас ақын өлеңінде осы мифтік таным елесі көрініс береді. Көкке ұшуға талшынған құстар қеуде-айдыннан жібергісі келмеген лирикалық кейіпкер:

Үшыра салам өзім-ақ,  
Қараша тусын, асықпа,  
Қараша тусын, асықпа! –  
деп, көктің құсын уақыты келгенде кеңістікке жіберетінін айтып жұбатады.  
Сонымен, қазақ позиясындағы өлең концептісінің аясы барынша кең екендігіне, оның мифопоэтикалық өрісі құстар әлемімен тұтастырылғанына дәлелдер көп. Бір ғана Кекала үйрек тезаурусы өлеңнің концептуалдық, мифопоэтикалық бейнесін таныта алатын этноархаикалық, мистикалық сипатқа ие, ұлттық рухани-мәдени таным терендігін көрсететін поэтикалық тұлға.

#### ӘДЕБІЕТТЕР

1. Жеті ғасыр жырлайды. Екі томдық. Алматы: «Жазушы», 2004. 1-том. – 400 бет.
2. Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. Екінші кітап. Алматы, Дайк-Пресс. 2004. – 516 б.
3. Аскольдов С.А. Концепт и слово // Русская словестность. Антология. Под ред. проф. В.П.Нерознака. М., 1997.
4. Вежбицкая А. Сопоставление культур через посредство лексики и языка славянской культуры. Москва, 2001. – 272 с.
5. Роль человеческого фактора в языке. Язык и картина мира. Москва, 1988. – 214 с.
6. Гумбольдт В. Избранные труды по языкоznанию. Москва. 2001. – 326 с.
7. Нұрдәулетова Б. Жыраулар поэтикасындағы дүниенің концептуалдық бейнесі. Монография. Астана: Нұра-Астана, 2008. – 432 б.
8. Веселовский А. Историческая поэтика. Москва, 1989. – 404 с.
9. Біржан – Сара айтысы. Кітапта: Айтыс. Кеп томдық. 3-том. Алматы: Жазушы, 1988. – 288 б.
10. Абай. Екі томдық шығармалар. 2-том. Алматы: Жазушы, 2004. – 336 б.
11. Мақатаев М. Шығармаларының толық жинағы. IV томдық. 1-том. Алматы: Жалын, 2001. – 448 б.
12. Мақатаев М. Шығармаларының толық жинағы. IV томдық. 2-том. Алматы: Жалын, 2001. – 320 б.
13. Айтұлы Н. Тоғыз тарау. Поэмалар. Алматы: Қазақпарат, 2006. – 181 б.
14. Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. Төртінші кітап. Алматы, Дайк-Пресс. 2004. – 504 б.
15. Қамзин Т. Аспан. Өлендер жинағы. Алматы: Жазушы, 2001. – 32 б.

#### RESUME

Aimukhambetova Zh. A. (Astana)

#### CONCEPTUAL MYTHICAL-POETICAL CHARACTER OF A POEM IN KAZAKH POETRY

This article examines the issue of artistic character of a poem in Kazakh poetry. A conceptual character of the poem is analyzed in unison with mythical-poetical perception. A literary analysis of the meanings of the thesaurus that characterize the poem is conducted.